

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ
АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ
ЖОБАЛАУ ОРТАЛЫҒЫ»



Коммунальное государственное учреждение

«ОБЛАСТНОЙ ЦЕНТР ИНФОРМАТИЗАЦИИ
И ПРОЕКТИРОВАНИЯ В ОБРАЗОВАНИИ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БҰЙРЫҚ
23.09.25 № 82
Орал қ.

ПРИКАЗ

№
г.Уральск

**«Цифрлы педагог» облыстық бейне сабақтың
сыртай байқауын өткізу туралы**

Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығының жоспарына сәйкес мұғалімдердің үздік педагогикалық тәжірибесін насихаттау және педагогтердің қашықтан оқыту мүмкіндігін кеңейту үшін заманауи білім технологияларын пайдалану мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың 27 қазан - 6 қараша аралығында информатика пәні мұғалімдерінің «Цифрлы педагог» облыстық бейне сабақтың сыртай байқауы өткізілсін.
2. Байқаудың ережесі, ұйымдастыру комитетінің және қазылар алқасының құрамы, шығындар сметасы бекітілсін (1, 2, 3, 4 қосымша).
3. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінің, облыстық білім беру мекемелерінің басшыларына:
- аудандық (қалалық) кезеңдерін 25 қыркүйек - 22 қазан аралығында өткізсін.
4. ОББАЖЖО ақпараттық-әдістемелік бөлімі (Д.Утегалиева) облыстық байқауды ұйымдастыруды, өткізуді және облыстық кезеңге қатысушыларға эксперттік бағалау мен марапаттауды байқауды ережесіне сәйкес ұйымдастырсын.
5. Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығының есеп бөлімі (Ж.Гайпназарова) байқауды шығындар сметасына сай қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығының орынбасары А.Еркамешеваға жүктелсін.

Орталық директоры



А.Бижанов

«ЦИФРЛЫ ПЕДАГОГ» ОБЛЫСТЫҚ БЕЙНЕ САБАҚТЫҢ СЫРТТАЙ БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «Цифрлы педагог» облыстық бейне сабақтың сырттай байқауының (бұдан әрі — Байқау) мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру тәртібін, өткізу шарттарын, оның қатысушыларына қойылатын талаптарды, бағалау өлшемдерін, қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілейді.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты:

- сабақтың сапасын арттыру арқылы мұғалімдердің үздік педагогикалық тәжірибесін насихаттау және білім сапасын жетілдіру;
- педагогтердің қашықтан оқыту мүмкіндігін кеңейту үшін заманауи білім технологияларын пайдалана отырып, үздік бейне-сабақтарды іріктеу.

2.2. Міндеттері:

- Оқытудың қашықтық нысаны жағдайларында сабақтарды өткізу кезінде әдістемелік көмек көрсету;
- Облысымызда виртуалдық білім беру кеңістігінде білім берудің үздік бейне-сабақтар қорын құру.

3. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ, ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ШАРТТАРЫ

3.1. Байқауды ұйымдастырушылар - Батыс Қазақстан облысы білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығы.

3.2. Байқауға информатика пәні мұғалімдері қатысады.

3.3. Байқау екі кезеңде өткізіледі:

I кезең — аудандық/қалалық (25 қыркүйек - 22 қазан) аралығы. Байқаудың облыстық кезеңіне аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінен пән бойынша (ауданнан/қаладан) 1 жеңімпаздың өтініші 24 қазанға дейін жіберіледі. Облыстық байқауға қатысуға өтініш көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қабылданбайды.

II кезең — облыстық кезең 27 қазан-6 қараша аралығында өткізіледі.

3.4. Байқауға арналған сабақ түсірілімі (MP4 форматында) youtube каналына жүктеліп, өтінішке сілтемесі көрсетіледі (1 қосымша). Қысқа мерзімді жоспары (doc.форматында) өтінішпен бірге bkociso@mail.kz электронды поштасына жіберуі қажет.

4. САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

Педагогтер ағымдағы жылдың күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес сабақтың негізгі бөліміне бейне сабақ түсіреді. (10-15 минут). Байқауға қатысушылар ұсынатын бейне материалдар оқушының қатысуынсыз болуы керек.

1.Сабақтың тақырыбы:

- сабақ жоспарының (оның ішінде ұйымдастырылған оқу қызметінің) міндетті түрде орта білім беру бағдарламасына және МЖМБС-ға сай болуы;

2.Сабақтың мақсаты:

- Білім алушыларды мақсаттар қоюға және күтілетін нәтижелерге тарту;
- Мақсаттардың педагогикалық қызмет тәжірибесінде мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі;
- Мақсаттардың оңтайлылығы мен конструктивтілігі;
- Жаңа тақырып түсіндіруде, тақырыпты меңгертуде мұғалімнің шеберлігіне қарай ұтымды тұстарын түсіру;

3. Мазмұнды таңдаудың оңтайлылығы:

- Сабақтың мақсаттарына сәйкес мазмұнды іріктеу;
- Материалдың қолжетімділігі және көрнекілігі;
- Материалды ұсынудың қисындылығы мен дәйектілігі;
- Оқу мақсаттарына сәйкес функционалдық сауаттылыққа тапсырмаларды пайдалану;

4. Педагогтің қызметі бойынша:

- Білім алушыларды белсенді оқытуға тарту;
- Білім алушыларды сабақтың мақсаттарына сәйкес ұйымдастыру;
- Сараланған тәсілді қолдану;

5. Сабақтың дидактикалық жабдықталуы:

- Білім алушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру нысандарын үйлестірудің оңтайлылығы;
- Оқытудың белсенді әдістерін қолданудың тиімділігі;
- Оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің және құралдарының мақсаттар мен мазмұнға сәйкестігі;
- Сабақ уақытын бөлудің ұтымдылығы;
- Білім беру ресурстарының мультимедиялық және/немесе цифрлық оқу материалын платформалар (бейнефильмдер, анимациялық презентация, мультимедиялық слайд-шоу, интерактивті жаттығулар, симуляторлар, диаграммалар, сызбалар, жұмыс парақтары және т. б.) міндетті түрде қолдану; цифрлық ресурстарды пайдалану;

5. КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

- HD-ден (1280x720) – 4K-ға (3840x2160) дейінгі өлшем

- Пішім: MP4.
- Бейне сабақтың уақыты 10-тен 15 минутқа дейін.
- Бейне сабақ сапалы дыбыспен сүйемелденуі тиіс.
- Слайд-шоу түріндегі жұмыстар қабылданбайды.
- Сілтеме жұмыс істемеген жағдайда жұмыс қабылданбайды.
- Конкурсқа қатысу үшін бұрын басқа конкурстарға қатысқан бейне сабақтар, интернеттегі бейне сабақтар, сапасы төмен бейне сабақтар қабылданбайды.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ, ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

5.1. Байқауының жеңімпаздары дипломдармен және грамоталармен марапатталады.

Ең үздік бейне сабақтар орталықтың youtube каналына жүктеледі.

5.2. Байқау қорытындысы Олыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығының <http://bqociso.edu.kz/> сайтында орналастырылады және әлеуметтік желілерде жарияланады.

_____ ауданы бойынша

Облыстық «**Цифрлы педагог**» бейне сабақтардың сырттай байқауына
қатысушы туралы мәлімет

№		Қатысушы
1	Білім беру ұйымының толық атауы (ауданы/қаласы, ауылы, мектебі)	
2	Тегі, аты, әкесінің аты	
3	Біліктілік санаты	
4	Сабақ беретін тілі, сыныбы	
5	Педагогикалық өтілі	
6	Байланыс телефон нөмері, электронды поштасы	
7	Сабақтың сілтемесі	